



ҚАЗАҚ

АНДЫМЕТІ

## Семсер

Ойлан, ойлан, ойың бақ,  
Ой бақпасаң, қойың бақ.  
Ойсырадым он ұлдың  
Ойсыздығын уайымдаң.

Ойлан, ойлан, ой қашыр,  
Бола көрме жай тасыр.  
Басың пісіп жетпесе,  
Бақытты етпек қай ғасыр?

Опынамын отырып,  
Ойланғаның өтірік.  
Ойсыздығын көрсетті,  
Дін қарындас шоқынып.

Он ұл, оман жұртым-ай,  
Іші — жүдеу, сырты — май.  
Сойылыңды соғамын,  
Жан-тәніммен шырқырай...

**ХХ ғасырдың соңына таман қазақ поэзиясына келген тегеурінді толқын аз емес. Есенғали, Тыныштықбек, Ғалым Жайлыйбай, Светқали, Гүлнэр Салықбай сияқты ақындар арасында Нұрлан Мәуkenұлының есімі тіл ұшына бірден оралады. Нұрлан Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданында туған. 1984 жылы Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультетін, 1990 жылы КИМЭП-тің саясаттану бөлімін бітірді.**

1979 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің қазақ бөліміне 50 бала түстік. Ол кезде студенттік өмір сәл өзгеше еді. Сенбі-жексенбі сайын түрлі кеш, соның ішінде поэзия кештері жиі өтіп тұратын. Сол жылы оқуға түскен 50 баланың барлығы дерлік ақын еді десем, артық айтпағаным.

Журфактың жатақханасында күркіреп өлең оқып, талдап жатушы едік. Сол оқуға түскен түлектердің бірі, орталарда өзінің өрнекті өлеңдерімен танылған Нұрлан Берғазиев болды. Кейін ол ақын ретінде Нұрлан Мәуkenұлы деген атпен танылды. Бірінші курста оқуға түскен 50 баланың барлығы дерлік ақын болғанымен, зейнетінен бейнеті басым, меҳнаты көп таза ақындықты ұстап қалғандар санаулы еді. Олар Нұрлан Мәуkenұлы, Бейбіт Құсанбек Баян Бекетова, Үмітхан Алтаева, болатын. Бұлардың қай-қайсысы да қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар ақын ретінде мойындалған азаматтар. Бәлкім, курсымыздан шыққан ақындардың ішіндегі шоқтығы биігі Нұрлан десем қателеспеспін. Алғашқы еңбек жолын құрылышы болып бастаса да қалақты қаламға айырбастап, журналист мамандығын алуға құштар жігіт университетті бітіргеннен кейін Зайсан аудандық «Достық» газетінде жемісті жұмыс

істеді. Арасында комсомол үйімін басқарды. Республикалық «Ана тілі» – «Жалын» бірлескен басылымы бас редакторының орынбасары болды. Студент кезімізде университетте Мұхамеджан Сералин атындағы әдеби бірлестік бар болатын. Онда Алтынбек Сәрсенбайұлы, Дархан Мыңбай, Еркін Қыдыр, Бейбіт Құсанбек, Баян Бекетова және осы Нұрлан Мәуkenұлы сияқты әдебиетке біртабан жақын жүретін талапты жастардың көбі мүше еді.

Негізі, Нұрланның мінезі түйік, көп адаммен аралас-құраласы жоқ, саяқтау жүретін. Отырыстарда топты жарып сөз сұрап, «мен білемін, мен айтайын» деген кеудемсоқ мінезден ада, өзіндік көркем мінезі, өзіндік жұмбақ жан әлемі бар жігіт-ті. Қаламынан керемет ойлы жыр туып жатса да, ол студенттік жылдары басылым беттеріне өз өлеңдерін көп жариялай қойған жоқ. Студент бола жүріп, алғашқы кітаптарын шығарып үлгерген пысықайлардың қатарынан емес-түғын.

Тырнақалды туындыларымыздың көбісі сол бірлестікте талқыланды. Сондай отырыстарда, жыр кештерінде Нұрлан «мен мынадай керемет өлең жаздым, мынаны тыңдырдым, мынаны былай жазғалы жатырмын» деп суырылып алға шығып, ойын ортаға тастанап, жан әлемін ашқан емес. Бірақ оңашада ойлы өлеңдерін қойын дәптеріне түсіріп жүргенін білетінбіз. Нұрланның балғын жырлары «Аудитория», «Қарлығаш» жыр топтамаларында жарық көрді. 1995 жылды «Бойтұмар», 2008 жылды «Сұңқарбұлақ» атты поэзиялық кітабы шықты. Бірнеше мүшәйралардың, Алматыда өткен Түрік дүниесі поэзиясы фестивалінің жүлдегері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды. Нұрлан Мәуkenұлының «Алтай-Ертіс кітапханасы» сериясы бойынша «Мойыл көзді келіншек» жарық көрді.

Жалпы, Нұрлан екеуміздің арамызда бір жақсы достық қатынас болды. Мені жанына жақын тартып, жазғандарын көрсетіп, сырласып жүруші еді. Оның өлеңдері Қазанғап, Шалқиіз, Ақтамберді секілді атақты жырлардың сарқыты секілді, сол жыраулардың жалғасы сияқты көрінетін. Өлеңдерінде сол жыраулар көтерген алдаспан ойлар, тамырлы байламдар, құнарлы пікірлер түніп тұратын. Соны бүгінгі оқырманға сай етіп, көркем тілмен өріп тұрып беретін. Дауылпаз ақын Махамбеттің де үшқыны бар десем, қателесе қоймаспыш.

Университетті бітірген соң Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетіне жолдамамен барып, жұмысқа орналастым. Екеуміз хат алысып тұрдық. Ойларымызды ортаға тастанап, ақылдасып, сырласып тұрушы едік.

Кейіннен ол Алматыға келіп, Ұлықбек Есдәuletovpen бірге «Жас қазақ» басылымын шығарушылардың бірі болды. Журналистика саласында да өзін ерек көрсете білді. «Жас қазақ» газетін шығаруда алған білімі мен білігін барынша жұмсады. Өнімді жұмыс жасады. Оның газеттерде жазған-сызған дүниелерін жинақтаса бір кітапқа жүк болар еді.

Нұрланның өндіріп тұрып шығармашылықпен айналысқан кезі де осы тұс шығар деп ойлаймын. Кейде «менің өлеңдерімнің жанында сенікі

түкке тұрғысыз» деп қалжыңмен қағытып, әдемі әзілдесіп қоятынын. «Әй, саған сөз жоқ, Сені жеңу мүмкін емес» деп жұмсақ жымышп қана қоюшы еді.

Оның өлеңдері баяғы жыраулар дәстүрін қайта жаңғыртқандай болып көрініп тұрады. Есімдері ұмыт қалған көне жыраулардан, ақылман Абайдан, тегеурінді Махамбеттен бастау алатын елшілдік сарыны ерекше аңғарылады. Жерүйиқты аңсаған Асан қайғының «Ертіс бол да, Есіл бол, Ел үнатқан шешім бол» деген жырының сілемімен, арасында Абайша «Қайран да менің қазағым!» деп күңіренісіне өз үнін жалғайды. Нұрландағы сөз қуаты алапат еді.

*Қоғам қотыр,*

*Сен де қотыр,*

*Мен қотыр,*

*Қотыр қүйден айықпастыз көр де тұр...*

*Алтын үйін салып алған өрде отыр,*

*Қараша үйді қалқайтқандар төрде отыр, –*

деген жыр жолдары мына заманның бүкпесіз шындығы емес пе?

Өлеңдерінің құрылсызы жорғаның жүрісіндей мінсіз-тұғын. Өте ойлы ақын болды. Жыр көгінде жасындағы жалт етіп көрініп, жоқ болса да, соңына ойлы, нәрлі дүние қалдырды. Балалар тақырыбына қалам сілтеу оңай дүние емес. Нұрлан балаларға арнап та талай жыр жазды.

*Бір аяғы – сезіз,*

*Бір аяғы – тоғыз.*

*Бір атасы – сақ,*

*Бір атасы – оғыз.*

*Күмбірлесе – домбыра,*

*Күңіренсе – қобыз,*

*Созылғанда – сағыз,*

*Сазарғанда – нағыз,*

*Қызарғанда – қымыз,*

*Сызданғанда – нығыз,*

*Долданғанда – дойыр,*

*Сілтенгенде – сойыл.*

Балалардың таным-түсінігін кеңейтетін осы бір шумақта домбыра мен қобыз, дойыр мен сойыл туралы терең ойға толы сыр жатыр.

Қарапайым тақпақ тәрізді болғанымен қазақтың нағыз ұлттық болмысы қатар өрілген.

Нұрлан Алматыға келген соң, біраз уақыт пәтерсіз жүрді. Сол тұста қоғамның небір түйткілін ақ қағазға сарқып төкті.

*Қоғам кедей,*

*Қайда барам мен асып...*

*Шидем шекпен*

*шилі ауылға жарасып,*

*Үлкендерім үйде*

*отырып, бал ашып –  
Қоғамынан қайда барам мен асып, –  
деп оңашада құса көңілдің көрпесін жамылды.  
Алматы болды әуенім.  
Ауылда тұған жан едім,  
Сауыр мен  
Сайқан тау едім,  
Алатай болды мәуелім.  
Ауылда өскен бала едім,  
Бауымда өскен тал едім.  
Бұрқауда бойда  
бір тылсым,  
Таба алмай келем  
әлі емін –  
қара Ертіс бойы қалың құм,  
Шағылға барып шағындым.  
Шағала қонған жағадан  
Қалаға қарай сабылдым.  
Астана келдім – қаңғырдым,  
Астында қалдым жаңбырдың,  
Өтінде қалдым ызғардың,  
Тезіне түстім тағдырдың.  
Мендейлер және көп екен,  
Мекені жерде жоқ екен.  
Қазақы көңіл қалғанда,  
Шыққан жан – дейтін топ екен –  
Жаны да нәзік – мен едім,  
Қаны да бұзық – мен едім.  
Елжірегенімде – ерідім,  
Қарайғанымда – қарайдым.  
Желден де жұмсақ – мен едім,  
Жерден де қатты – мен едім.  
Жыласаң – жылар сел едім,  
Құласаң – қара жер едім.  
Жаны да нәзік – мен едім,  
Қаны да бұзық – мен едім.  
Табыса қалсам, тату ем,  
Тіресе қалсам, телі едім.  
Желден де жұмсақ – мен едім,  
Жерден де қатты – мен едім.  
Сүйсіне қалсам, сүйер ем,  
Түйіле қалсам, түйер ем.  
Жаны да нәзік – мен едім,  
Қаны да бұзық – мен едім,*

*Желден де жұмсақ – мен едім,  
Жерден де қатты – мен едім –  
Түсінбей жүрген ел едің  
Тұк айта алмай келемін... –*

деген толғауында әйгілі Махамбет сарыны өксік қағады.

Ауылдан қалаға келген жастарды кім жарылқасын? Тіртінектеп жүріп «Таугүл» шағын ауданынан жер алып, соған өз күшімен, маңдай терімен үй тұрғызды. Бәлкім, сол тұстағы баспанасыздық, мынау ақын жанын аялай алмайтын нарық заманы, адамның асыл қасиеттері адыра қалған, қым-қуыт дүмбіlez қоғам, тағдыр тауқыметі – бәрі-бәрі ақын жүрегіне үлкен салмақ салғаны белгілі. Жүрек көтере алмады ма, қайдам, ақын досым екі кештің арасында артына бәрін қалдырып, о дүниеге аттанып кете барды. Бірақ артында азamat ретінде тындырған жұмысы, тамыры тереңге тартқан мәнді де мағыналы, тау суындаі мөлдір, дала өзеніндей терең жырлары қалды. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Тұманбай Молдағалиев: «Нұрлан Мәукеңұлы менің ұфымымда – үлкен ұлттық ақын. Терең ой, тегеурінді сезім Нұрланның өлеңдерін ерекшелендіретін еді», – деп бағалаған.

Нұрлан жырлары лирикалық-философиялық толғаныстарға толы.

Заманында дәуірлеген бабалар даңқына жиі оралады.

*Қайран, ата-бабам-ай,*

*Ат жалында кеткен арманы,*

*От-жалында кеткен орманы.*

*Ішінде кеткен құсасы,*

*Құлаумен болған қорғаны, –*

деп жырлайды. Осы «Қайран, ата-бабам-ай...» өлеңімен қатар «Зайсан», «Зайсан деген жерден кеткен ем...», «Беғазы», «Қиқулап ұшқан қызығышым», «Құміс зерлі қазыналы жағданды», «Қытай ауған», «Қылқұйрықты мінбедім», «Бізден кейінгі ұрпақ», «Ертіс бол да, Есіл бол», «Туған ауыл» деген өлеңдерінде өзі туып өскен өнірге деген махаббаты мен мұңы қатар өріліп жатады.

Өлең – адам тағдыры. Нұрлан өмір мен өлімді ұдайы есінде ұстапты.

Жарық дүниенің сәулелі сәті жарқ етіп сөнерін де іштей сезген сияқты...

*Көңілім жүйрік,*

*Көзім жүйрік,*

*Қолым жүйрік,*

*Қашаннан адастырған*

*жолым жүйрік.*

*Шашыма шаң*

*жұқтырып шаршатады,*

*Құтылмасқа құрып ап*

*Торын бұйрық.*

*Маңдайыңа жазғанын көрерсің де –*

*Қуанаңың, жылайсың, өлесің де –*

Ажалы жүйрік  
болды жарықтықтың,  
Деп алып, сақтамайды-ау,  
ел есінде.  
Жадында ұстайтұғын жақын ғана,  
Басқаға беймағлұм атың, бала.  
Жазмыштың жазғанынан  
Озамын деп,  
Өзінді өзің өлердей тақымдама.  
Жүйріктер жетпей құлар мәресіне,  
Тап болып пәни жалған пәлесіне.  
Дүние дөңгеленген ақтық демде  
Оралар-ау, опынтып бәрі есіңе.  
Дүние жеткізбестен жөнеледі,  
Қызығына тірілер кенеледі.  
Жел де жүйрік, айналған  
Жер де жүйрік,  
Жығылады десем, кім сенер еді?..

Нұрланның жүзінен байсалдылық, парасаттылық, тау қозғалса да, қозғалмайтын салмақтылық сезіліп тұратын. Тіпті оның жарқылданап құлуі де сирек. Әдемі жимиып қана қоятын. Көбінде мұнды кейіпте жүретін. Кейде ол уақыттың салмағын жүректен өткізіп, ұлт қайғысын өзінің қайғысында сезініп, бәрін жүрекпен қабылданап жүргендей сезінетін. «Жүргіме жинадым-ау бәрін, Жолын таппай, қаңғып ақты-ау қаным. Қайманаға бола алмадым қаймақ, Жан дүнием ауырады, жарым...» – деп бекер жазбаған болар.

Нұрлан «Бақалы көлге тұскенмін» деп басталатын өлеңінде албырт та аңғал балалық шағын анық байқайсыз, бірақ осы жыр жолдарында оның ел тағдырына алаңдау сезімі басым түсіп жатыр:

Бақалы көлге тұскенмін,  
Балдырлы суын ішкенмін.  
Бойлаулығын жуғанмын,  
Балығына ду құрғанмын...  
Бағыма көлім бар-тұғын,  
Балдырлы суы бал-тұғын,  
Көлім де бүгін таусылды.  
Жасынның алған жарқыллын,  
Тарғыл да тасым бар-тұғын,  
Тасым да бүгін таусылды.  
Алмайтын бейне нар тыным,  
Сайын бір далам бар-тұғын  
Далам да бүгін таусылды.  
Құлағың шалсын даусымды!  
Нұрлан тұрмыс тапшылығын ғана жырламайды, тұтас заман қайғысын

жүрегінен өткізе жырлайды.

*Жылау да жылау,*

*Зар жылау...*

*Қотандай болып қалдым-ау —*

*Жылаудан басым қаңғырды,*

*Зарлаудан шашым ағарды,*

*Көре де көзім ағарды,*

*Сөйлей де сөзім жоғалды.*

*Таба алмай қалдым қоғамды.*

Тар қапасқа қамалған, тұңғирыққа түсken, тығырыққа тірелген қаншама қазақ азаматының қатыгез замандағы запыраны. Ақын соны өлең арқылы өрелі билікке жеткізгісі келеді. Адамына араша түсер азамат бар ма деп қоғамда деп мұң шағады.

*Жанымды қояр жер таптай*

*Жеті түнде желден кетіп барамын.*

*Жасымды құяр көл таптай*

*Жеті белден селден кетіп барамын.*

*Будақ-будақ бұлттай*

*Боз аспанда боздап кетіп барамын.*

*Боздағымды ұмыттай*

*Баста мұңын қозғап кетіп барамын!*

Тап қазіргі уақытта да өткірлігі мен өміршенждігін жоғалтпай тұрған жыр емес пе?

Студент кезде әскери кафедраның Қордайда оқу-жаттығу полигоны болды. Жігіттер бір жарым ай сонда болдық. Дайындықтан өттік.

Жусанды жер. Сол жусанның түбіне бозторғайлар ұя салады. Бірақ көктемде жер жыртқанда бозторғайдың ұсыы балапанымен қоса жыртылып, трактордың табаны астында жаншылып қала береді екен.

Шынжыр табан трактор жерді жыртып келе жатқанда бозторғай балапанына қорған бола алмай, арқан бойы биіктікке көтеріліп алып, шыр-шыр ететіні бар. Сондай бір жағдайды көзben көрген Нұрлан қатты тебіренді. Көзіне жас алды. Соған күә boldым. Жаны қatal адамға бозторғайдың өлгені не, балапаны трактор табанының астында қалғаны не, бәрібір емес пе? Жүрегі дір етпесі анық.

Бұл жайт Нұрланға қатты әсер еткенін түсіндім. Көзі жасқа толып, ұзак тұрып қалған. Жер жыртып келе жатқан тракторды тоқтата алмайды.

Мемлекеттің жұмысы. Тракторшының да бұл жерде кінәсі жоқ. Жырт деді, жыртты. Сол кішкентай көріністен Нұрланның сезімталдығына күә boldым. Жүрегінің әлсіздігін сезіндім. Ол бозторғайдың шырылын, балапаның соқаның астында қалып бара жатқанын көзben көріп қойған жоқ, оқиғаны жүрекпен қабылдады.

*Жан жүрегім қашты ма,*

*Кеудем неге бұлінді? –*

*Аппақ айдың астына*

*Сөнегер арман ілінді...*

*Беу, жүргегім, бәсенде...*

*Жетер жерің – жайсыздау.*

*Мына әлемді қоса емде,*

*Тіршілігі – ойсыздау...*

*Мен кеудемді сөгейін –*

*Өз қағымнан жерін.*

*Көз жасымды төгейін –*

*Жанды жатқа телиін.*

*Жүрек сұрап көреін,*

*Жүрексізге жалынып.*

*Көреін де өлейін,*

*Қызыл қанға малынып.*

*Бұдан саған не түсер? –*

*Көкірегім қымтайын.*

*Бірге бір күн кетісер*

*Мезет барын ұмыттайын.*

*Жарым түнде жалқы айым,*

*Қобызшы бол келмегей.*

*Кеудемдегі айғайым,*

*Үнсіз қалып өлмегей.*

*Тас түйін бой түйілме,*

*Қалыпқа түс, бәсенде.*

*Елжіреген күйінде*

*Ел жүргегін қоса емде...*

Қордайдағы сол оқиға, Нұрланның көзіне жас алып тұрған шағы әлі есімде. Бәлкім, оның рухты, адамның ішкі қылышы қозғай билетін сыршыл ақындығына осындай жайттар да әсер еткен болар.

Нұрланның «Тірінің қамын тірі жер» деген шер толғауын тебіренбей оқу мүмкін емес. Пенделік пен парасат, тіршілік пен арасат арасындағы паралелль оқыған адамның жон арқасын шымырлатады.

*Тірінің қамын тірі жер,*

*Тірілер бірін бірі жер.*

*Тірлікте қашқан қадірің*

*Өлгенде ғана білінер.*

*Өлінің қамын тірі жер,*

*Жоқтауын салып жүгінер.*

*Жоғалтып алған асылы*

*Айрылғанда білінер.*

*Тірінің қамы – бас қамы.*

*Күнде бір әлем – ашқаны.*

*Күйремейтіндей көңілі,*

*Құламайтындаи аспаны.*

*Өлінің қамы – өз қамы.*

*Топырақ болып тозғаны.*

*Азасын тұтқан ағайын*

*Мәңгілік мекен қазғаны.*

*Өлінің қамы – өз қамы,*

*Өгейсіп кеткен өз қаны.*

*Бір уыс топырақ бүйіртып,*

*Маңдайға бақыт жазғаны –*

*Тірінің қамы – бас қамы,*

*Таусылмайтындаидастаны.*

*Өлеңшіл өзен өткені.*

*Айғайышыл асу асқаны.*

*Өлінің қамын тірі жер,*

*Тірілер бірін бірі жер.*

*Бір құні біз де барамыз,*

*Сен аман болғай, сірі Жер!*

Нұрлан Мәуkenұлының шығармашылығы туралы белгілі сөз зергерлері өте жақсы баға берген. Мәселен, филология ғылымдарының докторы, профессор Бақыт Кәрібаева: «Мені таңғалдырғаны жас ақын бойындағы мөлшерден тыс талант, оны шашпай-төкпей, адаспай қазақтық алдаспан жырымен қатар қалап, қалау мәнерін мінсіз меңгеруі», дейді. Ақын Темірхан Медетбеков: «Нұрлан Мәуkenұлы әдебиетке үзеңгі қағыстырып қатар келген өз тұстастарының ішінде ерте көзге түсіп, ерте танылған ақындардың бірі болатын. Келгенде де еліктеу-солықтаудан мүлде ада, өз бедері, өз ою-өрнегімен, образдар жүйесімен, ешкімге үқсамайтын ырғақ-мәнерімен, әр-бояуымен келген еді», – деп жазған екен.

Ақынын ардақтаған елдің келешегі кемел. Нұрлан Мәуkenұлы атындағы көркемсөз оку шеберлерінің аудандық байқауын өткізу Зайсан өнірінде дәстүрге айналды. Көңілге дәт ететін бір жайт, Нұрлан Мәуkenұлының туған жерінде көшениң, мектептің аты берілді. Оның атында әдеби сыйлық та бар. Әлі де аты дәріптеледі, оның өлеңдерін жас ұрпақ түйсіне үңіледі деп ойлаймын.

Нұрлан халық құрметіне лайық жігіт. Ол досқа берік, адал жан. Айтқанын уақытында орындаитын. Адами қасиеттері ерекше жан-тұғын.

Курстастары «біздің Нұрлан» деп еркелетті, ардақ тұтты. Жан жары Гүлмира Мәуkenкеліні «Қазақ газеттері» ұжымында ұзақ жыл есепші болып жұмыс істеді. Нұрлан екеуі мектептен дос болған. Нұрлан

шығармашылығында жарға деген іңкәр сезім, балаға деген сүйіспеншілік менмұндалап тұрады. Жарына да, балаларына да талай жыр арнады. Қамшының сабындағы қысқа өмір сүрсе де, үйде де, түзде де өзін сыйлата білді. Өзгені сыйлай білді. Артында жақсы сөз қалдырды. Амал қанша, қаламы толысып піскен, кемеліне келген шағында өмірі үзілді. Әйтпегендеге исі қазақ үшін талай сүбелі, кесек дүниелер берер еді, әттең...

Нұрланның бітім-болмысы – ақындық. Балаларына да ешкім қоя бермейтін, тек ақын адамдар ғана қоятын ерекше аттар қойды. Ұлының атын – Наздан, қыздарын – Гүлден және Гүлрең деп атады. Тағы бір үлкен өкініш – ұлы Назданның нағыз жетіліп тұрған шағында өмірден өтуі. Гүлмира осы ауыртпалықтың бәрін көтеріп, ақын шаңырағының отын тұтетіп, немересі Әбдірахманның тілеуін тілеп отыр. «Орнында бар оңалар» дегендей, Нұрлан Мәуkenұлының ұрпақтары атасына тартып отанышыл, елшіл, сыршыл жандар болып өсіп-өне береді деп тілейік!

**Нұртөре ЖҰСІП**